

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 26-30.

ӨӘЖ: 323.329 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІ ӘЙГІЛЕГЕН КЕМЕЦГЕР ҒАЛЫМ А.Ж. ӘЛ-МАШАНИ

Амантай А., 1 курс студенті

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университет
Астана қ.*

«... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты бірнеше ғылым салаларына бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...» Бұл жарты ғасырдай уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен шұғылданып, қазақ халқына сарқылмастай рухани қазына қалдырған ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың тұжырымы [1].

Бізге әл-Фарабиді танытқан кім? Ол – Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани. А. Машани алдымен әл-Фарабидің Отырар-Фараб қаласынан шыққандығын дәлелдеп, он бір ғасырдан соң ұрпағымен қауыштырды. Сөйтіп, әлемдегі екі ұстаздың бірі – «Әл-мұғалім әл-сәни» атанған әл-Фарабидің қазақ перзенті екендігін зерттеу еңбектерімен дәлелдеді. Бұл – «көшпенділердің өркениетке қолы Кеңес дәуірінде ғана жетті» деген коммунистік идеологияға жасаған алғашқы соққы болды.

А. Машаниға бұл шаруаны жүзеге асыру оңайға түскен жоқ. Ол алдымен Лиссабон, Каир, Лондон, Париж, Берлин қалаларындағы кітапханаларға хат жазып, баба мұрасын жинақтады, еңбектерінің тізімін анықтады. Сөйтіп, Ақжан Жақсыбекұлы ХХ ғасырдың 60-жылдардың басында әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігінің бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА-ның «Хабаршысында» жариялады. Ол тұңғыш рет әл-Фарабидің философияны үйренушілерге бағышталған трактатын аударып, ұлы бабаны қазақ тілінде тұңғыш сөйлетті. Сонымен қатар А. Машани өз қаржысымен әл-Фарабидің өмір сүрген Таяу Шығыс елдерін аралады. Сол сапарында Дамаскідегі Баб-ас-Сагир зиратынан бабамыздың қабырын тауып, Сирия үкіметі тарапынан ғұламаның басына құлпытас орнатуға себепкер болды.

1971 жылы Мәскеуде өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресі аясында әл-Фарабиге арналған симпозиумда А. Машани бастаған Қазақстан ғалымдарының зерттеулері әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференцияны Қазақстанда өткізуге шешім алуына негіз болды. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы дүниежүзілік

«екінші Аристотель» аталған әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы қыркүйектің 8-13 аралығында Мәскеуде басталып, ұлы бабаның өз Отаны Қазақстанда – Алматыда аяқталған болатын. Осы кезеңде А. Машани әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми еңбек жариялап үлгерді. Оның ішінде «Фараби» (1970) атты тарихи роман да бар еді. Бұл қазақ әдебиетінде әлемдік ұстаздың көркем бейнесін сомдаған тұңғыш шығарма болатын.

А. әл-Машани өзінің «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» атты еңбегінде әл-Фарабиді зерттеуге қалай келгендігі туралы айтады: «... «Су түбінен асыл тас су толқыса шығады, ой түбінен асыл сөз ой толқыса шығады,» - дейді халықтың даналық мақалы. Сол шындық әл-Фарабидің ізіне түсуге себеп болды. Ел басына күн туған кезде өткен заманның ерлері еріксіз еске түседі екен. Ұлы Отан соғысының қызған кезі болатын. Соғыс жабдығын жасайтын Алтайдағы өндіріс орындарының бірінде болып қайтқан кезім еді... Батыс елдерінен соғыстан ығысып келген ғалымдар Алматыда ол жылдары көп болатын. Әсіресе олар Ғылым академиясының қазақстандық филиалы маңында шоғырланды. Сол кезде филиалдың бастығы болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев келген-ді. Батыс жақтан келуші ғалымдардың бәрі де сол Қанышпен байланысты жұмыстар атқаратын. Чехословакиядан келген Э.Я. Кольман деген математика ғылымының тарихын жақсы білетін ірі ғалым, профессор филиалда біздерге баяндама жасады. Сол баяндама маған зор әсер етті. Ол 1943 жылдың басы болатын. Баяндаманың негізгі мазмұны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардығы ғылымға қосқан үлесі туралы еді.» [2].

Әл-Машани 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «әл-Фараби» тарихи романында сол әмір өткізген мәжілістегі оқиғаны нанымды түрде көркем тілмен жазып қалдырған. Әл-Фарабидің қыпшақ перзенті екендігін замандастар арасында алғаш әйгілеген құжат А. Машанидың Қазақ ҚСР ҒА президенті Қаныш Сәтбаевқа жазған хаты, бұл күндері мәшһүр ғалымның жеке отбасылық мұрағат қорында сақталынған. Әл-Машани сөзімен айтсақ, бұл ҒА-да әл-Фараби еңбегін кеңінен баяндаған құжат. Сонан соң Ақаңның 1961 жылы Академияның №5 хабаршысында жарияланған «әл-Фараби еңбектері туралы» мақаласы болды. Мақалада әл-Фарабидің 1100 жылдығын атап өту жөнінде мәселе қозғағанда, оның қолында сол кезде-ақ көптеген деректер жинақталғанын көрсетеді. Сол мәліметтерге қарағанда әл-Фараби еңбектерінің жалпы саны жүзден асқан. Зерттеушілердің айтуынша әл-Машани өзінің әл-Фараби еңбектерін бөлек-бөлек қағаздарға жазып, көрінген шәкірттеріне бере салады екен. Соның салдарынан оның еңбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен. Бірақ арабша нұсқасы жоғалып кеткен еңбектерінің біразы латынша, еврейше аудармаларда сақталған. Оның бұл еңбектерін Еуропа ғалымдары кең түрде пайдаланған. Ал араб ғалымдары әл-Фараби тірі кезінде де, өлгеннен кейін де оны өздерінің ұстазы деп білген. Әсіресе, оның еңбектерін Орта Азия ғалымдары жоғары бағалаған. Әл-Фараби еңбектерінің кейбіреулері неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Шығыс елдерінде әл-Фараби туралы жазылған еңбектер көп.

Солармен бірге «Айқап», «Шора» журналдарында әл-Фараби жөнінде аздаған мәліметтерге дейін әл-Машани жинастырып зерттеу нысаны ретінде пайдаланған. Әл-Фараби мұрасын іздестіру әл-Машани ұстанған ұлы жол болды. Ізденістің бастауы – кітапхана аралық абоненттік байланыс арқылы әлемнің ірі-ірі қалаларындағы кітапханаларға хат жолдау. Екіншісі – шетелге шығу. Үшіншісі – өз елінен табылар-ау деген қалаларға бару. Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут тәрізді, қалалардағы ірі деген кітапханаларға жолданған хаттар сол 1958 жылдары басталып, үзіліссіз жалғасып жатты. Осындай қажырлылықтың арқасында, хаттар жазудың нәтижесінде әл-Машанидың қолына әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл-мусихи аль-Кабир») тиеді. Кітап 1930 жылы үлкен том болып, француз тіліне аударылып Парижде басылған. Шет жұрттарға баруға қаражат та, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның алдында Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған деректердің ішінде неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады. Сөйтіп, әл-Машанидың қолында 1958-1960 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері жинақталады [3].

«Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, отаны Қазақстанда тойлансын» деген қаулы қабылданады. Сөйтіп, әл-Фарабиге арналған халықаралық форум 1975 жылы 8-13 қыркүйекте Мәскеуде басталып, Алматыда аяқталды. Бұл қазақ ғылымындағы ұлы жеңіс, бүкіл әлем жұрты қазақ өркениеті, ғылымы мың жылдан ары басталғанын мойындады. Әл-Машани әл-Фараби еңбектерімен таныса отыра Абаймен екі ұлының ортасындағы дүниетанымдық байланысты аңғарады. Кезінде қазақ зиялылары білім алған Ғалия медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында сақталған, әл-Машани сол медреседен әл-Фарабидің үш кітабын бірден тапқан. Оның бірі неміс аудармасы болған. Ал, 1907 жылы Каирде шыққан екі кітапта ұлы бабаның он екі еңбегі және өмірбаяны жинақталған. Мешіттің имамы Камал Башари қази әл-Фарабидің қазақ-қыпшақ тумасы екендігін естіп қуанып, сол кітаптың бірін әл-Машаниға сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы айтады. Шынында да Шоқанның замандасы әрі досы Шаһабутдин Маржани әл-Фараби еңбегін жоғары бағалап, медреседе оның мұрасынан арнаулы дәріс оқытқан-ды. Соның арқасында әл-Фараби есімі Қазан-Уфа ғалымдарына мәлім болған. Ендеше Ш.Маржани арқылы Абай мен Шәкәрім әл-Фарабиді білгені анық. Сол жолы Қазаннан іздегенін тауып, ең бастысы кезінде Құнанбай салдырған Қарқаралы мен Семейдегі мешіттерде Қазан-Уфа медресесін бітірген имамдар ұстаздық еткендігін білетін әл-Машани сол молдалардан тәлім алған Абайдың әл-Фараби есіміне де, еңбегіне де қанық болғанына көзі жетеді. Бұған Шәкәрім қажының ұлы Ахаттың әл-Машаниға арнаған мынандай хаты да нақты дәлел. «Ақжан! әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп, оның ғалымдығы күшті деп ақтап

түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабиін тірілттің. Әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай кеттің. Бұл қалай? 8/УІ-1976» [4].

Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев ақсақал бұл тілдей хатты Ақжан ағаға Алматыда өткен «Мәдени мұраларды қорғау» мәжілісі кезінде берген. Бұл кезде ол кісі Абай музейінің директоры болатын. Әл-Фараби есімін ол кісі шамасы әкесінен естіген болу керек. Әл-Фараби есімін ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлы «Түркістан» поэмасында былай келтірген: «Тұранның кім кеміткен музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын, Күңіrentіп тоқсан тоғыз күй тартқанда, Тебіреніп кім төкпеген көздің жасын». Мағжанның Уфадағы медресе Ғалияда оқығаны мәлім. Онда әл-Фараби еңбектері және баба туралы Ш.Маржани еңбектері де болған. Әл-Машанидың пайымдауынша, Абайдың даналық бастауы – қазақ халқының және Шығыстың көне мәдениеті мен өнерінде. Бұған әл-Машани күмән келтірмейді. Себебі, Абайдың даналық дариясы Еуропа мәдениетінен бастау алады деген пікірге әл-Машани үзілді-кесілді қарсы болып келген. Абайды орыс мәдениетіне қарыздар ететін пікірді қалыптастырған Мұхтар Әуезов деген пікірін әл-Машани М.Әуезовқа жасырмай айтқандығына көз жүгіртейік. Мұхтар Әуезов: «Ақжан, сен осы менің «Абай жолымды» оқыдың ба?» деп сұраған бірде. «Мұқа, «Абайдың» бірінші томын оқып шықтым, ал екінші кітапты бастадым да, жауып тастадым» дейді әл-Машани. «Неге?» деген жазушы сауалына: «Мұқа, сіз Абайға қазақ даласына айдалып келген орыстарды ұстаз етіпсіз, сондықтан әрі қарай оқуға зауқым соқпады» дегенде, — «Абайды мен бір тұстан қарастырдым, кейінгі ұрпақ басқа қырынан келер», — деп Мұқаң ойланып қалып еді» деп әңгімелеген абыз ғалым [4].

Қазіргі кезде елімізде әр кезеңде тарихта орын алған оқиғалар мен құбылыстарға жан-жақты, объективті баға беретін жаңа зерттеулер жазуына мол мүмкіншіліктер жасалуда. Бұрын ақтандақтар болып келген тақырыптардың беті ашылып, құпия мұрағат қорларының материалдарын қолдануға қойылған шектеулердің алынып тасталуы тың тұрпаттағы, соңғы ғылыми еңбектердің жариялануына жол ашты. Сол себептен соңғы зерттеулерде: «Тарих жеке тұлғада, жеке тұлға тарихта» деген тұжырым басымдығы байқалады [5].

Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде жарқын болашаққа бет алған уақытта өзінің төл тарихын қастерлеп те ардақтап, еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде басты құрал ретінде сақтап қалуы қажет. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Нақыл сөздің ұстасы халқымыз «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» демекші әрбір саналы азамат, ең алдымен өзінің туған жерінің төл тарихын, оны жасауда белгілі із қалдырған кемеңгер тұлғалардың өмірбаянын, атқарған қызметін жақсы білуі қажет. Өйткені тек тарихи білім ғана қарапайым адамның санасын шыңдап, оның бойында азаматтық қасиеттерді тәрбиелеп қалыптастырады. Өткенді жеке тұлғалардың, кемеңгер қайраткерлердің өмірбаяны арқылы қарастыра

отырып, тарихты жасаушы халық екенін ұмытпаған жөн. Өйткені, жеке тұлғаны елі-жұрты, халқы қолдамаса, оның аты аталып, тарих сахнасына шығар-шықпасы екі талай. Атақты философ Гегельдің айтуынша ұлы істі атқару үшін ұлы тұлға қажет [6].

Қазақ тарихында дәл осындай талаптарға сай кемеңгер ғұлама ғалымдарының бірі де, бірегейі де әл-Машани десек артық айтқандық болмас. Әл-Машанидың халқына жасаған ұлы еңбегінің нәтижесінде әл-Фарабидің көшбастаушысы мәшһүр ғалым әл-Машани деп танылуының өзі кейінгі ұрпақтарына отаншылдық сезім ұялатары даусыз. Заманымыздың заңғар жазушысы М.О. Әуезовтың: «Тұлғаны ақ алмастай заманда шыңдайды, ақ алмас, қаттыны жарады, жұмсақты тіледі, замана талабы туған кезде оттан шығып, жалын құшқан ақ алмас қынабынан жарқ етіп қадір-қасиетімен халқына танылады, «тарих» деген дарияны еркін малтып өтіп, өз тұғырына, ұлылық тұғырына қонады» деген сөзінің жандылығын, барлығын айта отырып, тұлғалар тарихта күнде тумайтындығын, табиғат адам баласына тұлғаны анда – санда сыйлайтындығын айтады [7]. Бұл түсінікті де. Ғалымдар әр заманда болған, ал ғұламалар қатарына кіру – қоғамда сирек кездесетін құбылыстың бірі. Ғұламаның жарқ ете қалуы – замана сұранысынан. Айтылған ойымызды ұтымды тарқату үшін белгілі тарихшы ғалым Х.М. Әбжанов пен Г. Назарбаеваның: «Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория» деген бірлескен ғылыми еңбектерінде Қазақстан тарихы мен мәдениетінің өзекті мәселелері, ұлт зиялыларының қалыптасу үрдісін ашатын теориялық пайымдауларында: «Көзінің тірісінде аты аңызға айналған тұлғалар тарихта өте көп кездесе бермейді. Олар ғылым саласында мейлінше аз. Қоғамның тұрмыс-тіршілігі күрделенген сайын еңбектің жаңа салалары пайда болып, оның әрқайсысына бас ие боларлық тұлғаларға қажеттілік туындайды... деген ғылыми ойларын алға тартады [8]. Ал, «әр халықтың музыкасы сол ұлттың болмысын аңғартады» деген баба қағидасына қанық ұлы ғалым әл-Машани қазақ топырағында ұлы бабаға жақын, рухани сабақтас адамды іздестіргенде ұлы Абайды айналып өте алмады. Ұлы адамды ұлы ғана таниды деген қағиданың қаншалықты терең екендігін зердемізге тоқиды. Осы қағиданың түп тамырына терең бойласақ, қазақ менталитетінде оқу-білімнің қаншалықты жоғары бағаланғанын Абай, Шоқан, Ыбырай, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Шәкәрім, Ақжан мұраларынан айқын көруге болатындығын «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жеңеді», «Оқу инемен құдық қазғандай» деген ұлағатты сөздері бүгінгі күнге дейін жетер ме еді?. Қазақ қоғамының тағдыры, болашағы, өркендеуі немесе өшуі ендігі жерде тек білімге, ғылымға, өнерге тіреліп тұрғанын айтудан еш жалықпаған ойшылдар екені анық.

Ғылыми жетекші – PhD, Қоскеева Ә.М.

Әдебиеттер тізімі

1 Машанов, А.Ж. (1994). *Әл-Фараби және Абай*. Алматы: Қазақстан.

- 2 Машанов, АЖ. (2007). *Әл-Фараби және бүгінгі ғылым*. Алматы: Қазақстан.
- 3 Koskeyeva, A., Dukenbayeva, Z., Abisheva, Z., Oterova, G., Sailaubayevan, N. (2016). On The National Question in the Works of the Kazakh Intelligentsia. *Anthropologist*, 26(1-2), 40–45. DOI:[10.1080/09720073.2016.11892127](https://doi.org/10.1080/09720073.2016.11892127).
- 4 Қоскеева, ӘМ. (2016). XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы А.Ж. Әл-Машани зерттеулеріндегі Әл-Фараби. *Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ-нің хабаршысы*, 5(114), 243-249.
- 5 Плутарх, (1990). *Избранные жизнеописания*. В двух томах. Санкт-Петербург
- 6 Гегель, ГВ. (1935). *Философские истории. Сочинения*. Москва.
- 7 Қозыбаев, М. (1997). Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері. *Ахмет Яссауи университетінің хабаршысы*, № 1, 1-5.
- 8 Назарбаева, Г., Әбжанов, Х., (2004). *Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория*. Алматы.